

**О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінің 2024-2025 оқу жылында
кітапханада атқарылған жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА**

Кітап - адамзат баласының баға жетпес қолы құндылығы. Ғылым мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін тәртіп қарама да осы кітап бастан табылады. 2024-2025 оқу жылында «Қазақстан Республикасы Ғылым және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №443) бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және ғылым министрінің «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізілмеілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы "21" маусымдағы № 291 бұйрығымен бастылыққа ала отырып 1-11 сынып оқушыларын оқулықпен толық қамтылу мақсатында 2024-2025 оқу жылында мектеп директорының №201 бұйрығымен 1-11 сынып оқушыларын оқулықпен толық қамтылды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты бастылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасына 2417 дана оқулық бағам 7668050 тг, Көркем әдебиет 387, бағам 929621 келді. Оқулықтарға сыныптарға тарату үшін кесте жасалып оқушылар 12-14 тамыз аралығында оқушыларды оқулықпен толық қамтылды

2024/2025 оқу жылына арналған 3 сынып оқулықтарын etabdan.gov.kz платформасы арқылы тандау жүргізіліп оқулықтар алынды жеткіліксіз оқулықтарға «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың Осы Етадану платформасы арқылы Орыс тілі, Ағылшын тілі, Көркем еңбек, Кейнелеу өнері, Цифрлық сауаттылық оқулықтары келді. 9 сыныпқа Қазақстан тарихы және Қазақстан географиясы, 8 кластың Дүние жүзі тарихы, 3 сыныпқа Жаратылыстану оқулықтары жаңартылды келді. 5-11 сынып оқушыларына Жаһандық құзыреттілік оқулығы таратылды. Қазіргі таңда мектеп кітапханасында

	Мектеп кітапханасындағы кітап саны	Кітаптар саны (мектеп оқулықтары н. көркем әдебиеттері оның ішінде мектеп оқулықтары (мың дана)	Қордың өзіндігі (мың дана)	Оқымалы р саны (алан) /	Қазақ тіліндегі кітаптар	Оқу жетілдіру саны	Оқу жетілдіру	Кітапхана ауданы	
№30	1	25515	21868	2204	600	19836	1	20	69.6

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып жұмыс жасау.

Міндеттері

Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу;

Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету;

Пән мұғалімдерімен, оқушылармен және ата-аналармен тығыз байланыста болу;

Оқырмандардың кітап оқуын, түрлі сайыстар, ертенгіліктер, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру;

Аудандық білім бөлімінің мемлекеттік сатып алу әдісімен алынған жаңа әдеби көркем әдебиеттерді мектеп кітапханасының қорын толықтыруға жұмыс жасау;

Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу;

Жыл көлемінде аталып өтілетін атаулы күндерге іс-шаралар өткізу, кітап бұрыншын жасау, ақын-жазушыларымыздың мерей тойларын атап өту, оқырмандар арасында насихаттау;

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырды. Болашақ ұрпақты ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеу үшін бүгінде кітаптардың тізімі жасалды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. Мектептердегі кітапхана қоры жаңа кітаптармен толықты.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасының басты мақсаты мектеп кітапханаларын маңызды балалар әдебиетімен қамтамасыз ету. Балалар әдебиеті тізімін қалыптастыру және ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту.

Осымен ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын жақсартып, көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен жастардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Балалар кітапханасы» бағдарламасы жүзеге асуда.

Осы мақсатта мектеп кітапханаларын «Балалар кітапханасы» бағдарламасына енген кітаптармен қамтамасыз етілуде. Соңғы екі жылдағы кезеңінде мектеп кітапханаларына «Абай», «Алматытан», «Атырау», «Менмендік», «Фоллиант» баспаларынан 1077 дана балаларға арналған әдеби кітаптар сонымен қатар роман, хикаялар тағы басқа да жанрдағы әдебиеттер келіп түсті. Жарық көрген жаңа кітаптар үлгісі таңбалана сый, әдеби мұрагерлерін жасалған. Хакім Абайдан бастап, Дулат Бабатайұлы, Шәкәрім, Ілияс Есенберлин, тәуелсіз Қазақстанның көрнекті жазушылары шығармаларымен таныстырылды. Жаңа кітаптарға мектеп кітапханасында библиографиялық атау, көркемсурет қойылып оқушыларға таныстырылды.

Күнделікті мектеп оқушылары үйге келген және бас асырында кітапханаға келеді. Кітапханашылардың мақсатты жұмыс бағыт-бағыттарымен, ұнаған көркем шығармаларды таңдауларына көмектесу. Оқушылар оқушыларынан жас мөлшеріне қарай кітап оқуға ұйымдастырылады.

Оқушылардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін мектепте қолданылатын жұмыс атқарылуда. Мектеп кітапханасында құрылған жоспар бойынша іс-шаралар

ұйымдастырылып, өткізіліп отырылады. Кітапханада әр оқу жылы қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын насихаттау барысында әдеби кештер, оқырман конференциялары, слайд-кітап көрмесі, дөңгелек үстел, ауызша журнал, дауыстап оқу сияқты іс-шаралар жүйелі өткізілу дағдысы қалыптасқан. Мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту мақсатында «Ең көп кітап оқыған сынып», және «Ең көп кітап оқыған оқырман» «Үйде кітап оқимын» «Каникулда кітап оқимын» атты сайыстар ұйымдастырылды. Бәрі жеңіске жету мақсатында кітапханаға оқушылар өте көп келді. Ата-аналары да белсене қатысты. Әр сынып, әр оқушы өз оқыған кітаптарын қорғау мақсатында, оқыған кітаптары жайында көптеген эссе, мазмұндама, видеолар жазып өткізді. Соның нәтижесінде «Ең көп кітап оқыған сыныптар» және «Ең үздік оқырман» номинациясы анықталып, мадақтамалар берілді.

«Отбасымызбен бірге оқимыз» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел оқырмандардың бойында отбасына, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында жүргізілді. Дөңгелек үстелде «Отбасын кітап даналығы нығайтады» атты библиографиялық шолу жасалды. Мектептің 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасына саяхат жасады. Онда кітапханадағы қызықты кітап, ертегілермен және де кітапханада ұйымдастырылған «Тәуелсіздік тарихы», «Анықтамалықтар», «Балаларға базарлық» атты кітап көрмелерімен таныстырылды. **Мектепте кітап алмасу бойынша орындар – буккроссинг ұйымдастырылған. Онда қойылған кітаптарды оқушылар алмасып, оқиды.**

Қыркүйек айында бастауыш сыныптар арасында «Кітап және кітапхана» тақырыбында 1 сынып оқушылары арасында кітапханаға саяхаты болып оқушыларды жаңадан келген кітаптармен және де кітапхана ережесімен таныстырдық.

«Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілерді оқуға шақырамыз. Оқыған ертегілерінде кейіпкерлер туралы мазмұнын айтып отырады. Бастауыш сынып оқушылары белсене қатысты.

«Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз!» атты бірыңғай кітап оқу күні 2-11 сыныптар арасында өткізілді. Оқушылар роман, повесть, әңгіменің кез келген бетін ашып, дауыстап оқыды.

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға-кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп кітапханасы қорын заманауи басылымдармен толықтыру. Мектеп, ата-ана, оқушымен бірлесе отырып, оқушыларды рухани адамгершілікке баулу. Ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау, кітапханаға оқырман тарту, кітап қорын молайту.

Іс шараға мектебіміздің 1-10 сынып оқушылары белсенділік танытып, ата-аналар өздерінің оқыған жаңа кітаптарын сыйға тартты. Мектепке сыйға тартылған кітаптарды алып оқуға ұсынылды. Күнделікті мектеп оқушылары үзіліс кезінде және бос кездерінде кітапханаға келеді. Кітапханашылардың міндеті дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, ұнаған көркем шығармаларды таңдауларына көмектесу. Әр сынып оқушыларының жас мөлшеріне қарай кітап оқуды ұйымдастыру.

Жыл бойы оқушыларға көркем әдебиет алу-беру «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Каникулда кітап оқимыз», «Отбасыммен кітап оқимыз», «Сыныппен кітап оқимыз» «Сүйікті кітабыммен селфи», «Буккроссинг», «Буукдаттинг» «20 минут оқы 3 минут эссе жаз» «Поэзия мәнерлеп оқу» «QR кодпен кітап оқу» «Үйде кітап оқимыз» «Дауыстап оқу» жұмыстары жүзеге

асырылып келеді. Оқырмандар кітапты 10-15 күнге үйге жаздырып алып, оқып, түсінігін айтып өткізеді. Оқырман үйге оқуға алған көркем әдеби шығармадан түсінігін айтып немесе жазып жеткізе алмаса, ол оқырман ол кітапты оқымаған болып саналады. Бұл жұмыстар күнделікті жүріп отырады.

Күнделікті мектеп оқушылары үзіліс кезінде және бос кездерінде кітапханаға келеді. Кітапханашылардың міндеті дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, ұнаған көркем шығармаларды таңдауларына көмектесу. Әр сынып оқушыларының жас мөлшеріне қарай кітап оқуды ұйымдастыру. Жыл бойы оқушыларға көркем әдебиет алу-беру «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Каникулда кітап оқимыз», «Отбасыммен кітап оқиыз», «Сыныппен кітап оқимыз» «Сүйікті кітабыммен селфи», «Буккроссинг», «Буукддинг» «20 минут оқы 3 минут эссе жаз» «Поэзия мәнерлеп оқу» «QR кодпен кітап оқу» «Үйде кітап оқимыз» «Дауыстап оқу» жұмыстары жүзеге асырылып келеді. Оқырмандар кітапты 10-15 күнге үйге жаздырып алып, оқып, түсінігін айтып өткізеді. Оқырман үйге оқуға алған көркем әдеби шығармадан түсінігін айтып немесе жазып жеткізе алмаса, ол оқырман ол кітапты оқымаған болып саналады. Бұл жұмыстар күнделікті жүріп отырады.

“Мен оқыдым досым, сенде оқы” тақырыбында библио-кросс өткізілді. Библио-кросстың негізгі мақсаты балалар арасында кітап оқуды насихаттау, достық қарым-қатынастарын нығайту. Кітап оқуға қызығушылықтарын ояту. Библио-кросс барысында оқушылар өздері оқыған кітаптарының мазмұнын қысқаша әңгімелеп, басқа оқушыларға оқуға кеңес берді. Барлық жеткіншектер мен жасөспірімдерді библио-кроссқа қатысып, кітап оқуға шақырамыз. Кітап оқып, рухани бай бол!



<https://www.facebook.com/share/p/19uYRQieua/>

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында отбасымен кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында "Отбасыммен оқимын" акциясы ұйымдастырылды. Акцияға 5 Б сынып оқушысы Телжан Нұрайлым мен анасы Гүлнұр қатысты.

Мақсаты: Оқуға деген қызығушылықты арттыру, жеке тұлға қалыптастыруда кітаптың ролі, оқу мәдениетін дамыту және қолдау.

#балаларкітапханасы

#отбасымен оқимын

О.Шораяқұлы атындағы ІЗО орта мектебінде "Балалар кітапханасы" жобасы аясында кітапхана оқырмандары күзгі демалыс уақытысын тиімді пайдалану мақсатында көркем әдебиеттер оқуда.

Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының, оқу арқылы жетілуінің, кемелденуінің арқасында қол жеткен дамылсыз даму үрдісінің жемісі, өткен тарихы мен өмірлік тағылым-танымының алтын сандығы. Жаңа оқу жылының алғашқы күзгі демалыс күндері де өтуде. Бұл мектеп оқушылары үшін демалуға және кітап оқуға қолайлы уақыт есептейміз. Демалысты тиімді өткізу мақсатында оқушыларымызды кітап оқуға шақырамыз.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1096625362141826&id=100053831176772&mibextid=VhDh1V



<https://www.facebook.com/share/v/15aaxarfA2/>

О.Шораяқұлы атындағы ІЗО орта мектеп кітапханасында 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік -тұғырым" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесіне еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылды. Мақсаты: Егемен еліміздің Тәуелсіздігін ардақтап, құрметтеу, мақтан ету. Оқырмандар бойындағы Отанға, елге, жерге деген патриоттық сезімді рухтандыру.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1265555927900121&id=100033371782360&rdid=oqI0SOCuxw1jTD7Q#

"Бір ел – бір кітап" республикалық акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізілуде.

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

БІР ЕЛ -БІР КІТАП

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ -100жыл

Биылғы жылы "Бір ел -бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз.

Аудандық балалар кітапханасында ұйымдастырылған "Балалар әдебиетінің бәйтерегі" атты кітап көрмесімен Омар Шораяқұлы атындағы орта мектебінің 4 А сынып оқушылары (сынып жетекшісі Ермашева Алтынай) танысып, «Менің атым Қожа» фильмін тамашалады.

Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларымен жақынырақ танысқыларыңыз келсе, аудандық балалар кітапханасы және мектеп кітапханасының қорынан алып оқуларыңызға болады.

Біз сіздерді асыға күтеміз!

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1069855957470120&id=100033371782360&mibextid=xfxF2i&rdid=pU1771Jz30h9xDrh

ОТБАСЫМЕН ОҚИМЫЗ

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектеп "Оқуға құштар мектеп", "Балалар кітапханасы" жобасы аясында "Отбасымен оқимыз" тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында кітап оқу күні ұйымдастырылды. 1Б сынып оқушысы Қабылқызы Еркеназ өз оқыған кітабын ұсынады.

<https://www.facebook.com/share/v/jheCtALejYtj5sM7/?mibextid=xfxF2i>

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында отбасымен кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында "Отбасымен оқимын" акциясы ұйымдастырылды. Акцияға 5 Б сынып жетекшісі И.Садирова ата аналармен

Мақсаты: Оқуға деген қызығушылықты арттыру, жеке тұлға қалыптастыруда кітаптың рөлі, оқу мәдениетін дамыту және қолдау.



<https://www.facebook.com/share/p/19sE1AQbbc/>

Мектебімізде 9-10- сынып оқушылары арасында «Ұлт рухын түлеткен тұлға- Темірбек Жүргенов» тақырыбындағы ғылыми танымдық конференция ұйымдастырылды.

Максаты : ірі мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, Қазақстан мен Орталық Азияның оқу-ағартуы мен ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан Темірбек Қараұлы Жүргеновтің (1898-1938) өмірі мен қызметін үлгі-өнеге ете отырып, қазақстандық жастардың өзіндік танымы мен ұлтжандылығын, азаматтық көзқарасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық ғылымдар мен өнер саласындағы өзекті мәселелер бойынша заманауи ғылыми және тәжірибелік ақпаратпен алмасу. Конференция барысында, ұлттың ұлы перзенті, Алаш ардақтысы Темірбек Жүргенов өмірі мен шығармашылығы жайлы оқушылар тарихи тұлғаның шығармашылығы жайлы жобаларын қорғады.

<https://www.facebook.com/share/p/RxoifrHbqL13NS62/>

Мектеп табалдырығын кеше ғана аттаған I "Б" сынып оқушыларына арнап "Кітапханаға саяхат" өткізілді.

Оқушылар кітапхана ережесімен, кітапты күтіп ұстау жолдарымен танысты. Жас оқырмандар кітапхананы тамашалап, өздерінің сүйікті кейіпкерлері жайлы айтып берді. Зейіндерін ашылсын, кішкентай оқырмандар!

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1230649658057415&id=100033371782360&rdid=OY5XQJrsJn2F8MEZ

2025 жылдың қаңтар айының 15 күні О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектеп кітапханасында «Абыз болған Ілияс» атты тақырыпта аса көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің туғанына 1010 жыл толуына орай, жазушының өмірі мен шығармашылығынан кітап көрмесі ұйымдастырылып танымдық сағаты өтті.

Максаты: Еліміздің болашағы жастардың жан-жақты дамуы үшін тарихи шығармаларды, романдарды оқыта отырып, оларды талдап, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру. І. Есенберлиннің тарихи шығармалары арқылы Отанын, туған жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеу.

Кітапхана менгерушісі: Қазақ елінің тағдыры мен тарихы туралы келелі ой қозғаған Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман жазған жазушы, соның ішінде «Айқас», «Қатерлі өткел», «Манғыстау майданы», «Ғашықтар», т.б. тарихи романдары қазақ әдебиетінде оған дейін көтерілмеген мәселелерді қозғаған, жаңа леп, жаңа серпін әкелген туындылар болып табылады. Жазушының тарихи романдары туралы «... І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқы өмірінің ХҮ-ХІХ ғасыр аралығындағы оқиғаларын, даму тенденцияларын, халықтың басына түскен ауыртпалықтар, қиындықтар, тарихы айтылады. Халық арасынан шыққан батырлардың, жыраулардың, мемлекет қайраткерлерінің образдары шынайы суреттелген...». І.Есенберлиннің прозасы түгел дерлік орыс тіліне аударылды. Жазушының еңбегі жоғары бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, медальдармен марапатталған. Осы және өзге де ақпараттар туралы кітап көрмесінде ұсынылып отырған кітаптар және мерзімді басылымдардан ала аласыздар. Барлығы кітап көрмесіне 22 кітап және 2 мерзімді басылым қойылды. Оқушыларға жазушының өмірбаяны туралы қысқаша деректі филімдер көрсетілді.

5 сынып оқушылары І.Есенберлиннің өмірбаяны туралы, шығармашылықтары туралы бар білетіндерін ортаға салды. Өткізілген іс-шара әлеуметтік желіге салынды.

• <https://www.facebook.com/share/v/1A98wQitXG/>

<https://www.facebook.com/share/p/18dEDCTmC4/>

<https://www.facebook.com/share/p/1C2dYEEYxht/>

"Кел,бірге оқиық" жобасы аясында бүтін қалалық кітапханада Бердібек Сокпақбаевтың „ Баталық шаққа саяхат" әңгімесінен әдеби талдау болып өтті.Әдеби талдауда 30 мектептің 5 сынып оқушылары шығарманың қысқаша мазмұнын айтып берді.

Мақсаты : Оқырмандарға ақын жазушылардың шығармаларын насихаттап, кітап оқуға баулу.



<https://www.facebook.com/share/v/1QEmL8rxxx/>

☞ "Оралхан Бөкей – Өр Алтайдың асылы" тақырыбында танымдық сабақ өтті!
☞ "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 6-сынып оқушылары қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, оның халқымыздың рухани мәдениетіне қосқан үлесін талдады. Сабақ барысында оқушылар жазушының кеңінен танымал шығармаларына, соның ішінде "Апамның астауы", "Атау-кере", "Үркер" сынды туындыларына жан-жақты талдау жасап, олардың мазмұны мен мән-мағынасын ашты.

Мақсаты:

☞ Оқушыларға Оралхан Бөкейдің шығармашылық мұрасын таныстыру;
Жазушының қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі орнын түсіндіру;
Жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық ой-өрісін дамыту.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1255093112279736&id=100033371782360&rdid=ghUfplOIVef9KoTS

р\с	Іс-шара тақырыбы	Іс-шараға қатысқан оқушылар саны	Өткізу формасы	Әлеуметтік желілердегі жарияланымдарының растау сілтемелері
1	І.Есенберлин 110 жас		Видеоролик	https://www.facebook.com/share/v/1A98wQitXG/

2	«Абыз болған Ілияс»	15	Танымдық кеш	https://www.facebook.com/share/p/18dEDCTmC4/
3	«Абыз болған Ілияс»	15	Кітап көрмесі	https://www.facebook.com/share/p/1C2dYEEYxht/

с	Іс-шара тақырыбы	Іс-шараға қатысқан оқушылар саны	Әлеуметтік желілердегі жарияланымдарының растау сілтемелері
	"Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 3 Б сынып оқушыларымен «Кітаптар қалашығына саяхат» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.	18	https://www.facebook.com/share/p/1E4totGSuF/
	"Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 1 А сынып оқушыларымен «Кітаптар қалашығына саяхат» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.	20	https://www.facebook.com/share/v/1DpSyYFKYI/
	"Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 4 Б сынып оқушыларымен «Кітаптар қалашығына саяхат» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.	15	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1289246372197743&id=100033371782360&rdid=xqKc07BSOonLTIPE#
	"Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 1-4 сынып оқушыларымен «Кітаптар қалашығына саяхат» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.	35	https://www.facebook.com/share/p/15UwdrbMrS/

р/с	Білім беру ұйымының атауы	Іс-шара тақырыбы	Іс-шараға қатысқан оқушылар саны	Әлеуметтік желілердегі жарияланымдарының растау сілтемелері
1	№30 орта мектебі	«Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» хабарлама		https://www.facebook.com/share/p/1CP9PnEba3/
2		«Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» О.Бөкей шығармаларын талдау 9 класс	15	https://www.facebook.com/share/p/14DEvoa218/
3		«Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» Өздерінің шығармаларын талдау 6 класс	15	https://www.facebook.com/share/p/15898gnKUe/
4		Н. Ақыш «Нағыз әже қайда» Нұрланқызы А 4 Б сынып оқушысы		https://www.facebook.com/share/v/1FSi9LUQia/
5		7 А сынып оқушысы Икрамша Әмина		https://www.facebook.com/share/v/1XS4gcRG5v/
6		7 А сынып оқушысы Тынысбек Аружан		https://www.facebook.com/share/v/19bVcUjec8/
7		7 А сынып оқушысы Әбдікәрім Назерке		https://www.facebook.com/share/v/15SfdpvsgA/
8		7 Б сынып оқушысы Базарбаева Элдана		https://www.facebook.com/share/v/15qiNrDgxx/
9		3 Б сынып оқушылары ата-аналармен		https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1282933379495709&id=100033371782360&mibextid=VhDh1V&_rdr
10		3 Б сынып оқушысы Нұрмұханбет Айша		https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1282935559495491&id=100033371782360&mibextid=VhDh1V&_rdr
11		3 Б сынып оқушылары	18	https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1282952292827151&id=100033371782360&mibextid=VhDh1V&_rdr

12		6 Б сынып оқушылары	20	https://www.facebook.com/share/v/1EUSfuXn7x/
13		7 Б сынып Әлайдарова Толғанай		https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1282952622827118&id=100033371782360&rdid=JLPSIEJqC7oVjF8f#
14		3 А сынып оқушылары		https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1282956316160082&id=100033371782360&rdid=rksHseMR3nlyc7DQ#

Тақырыбы	Қатысушы оқушы саны	Түрі	Сілтемесі
«Менің өмімді өзгертке кітап» челлендж	3 А сыныбы 24 оқушы	Сынып сағаты	https://www.facebook.com/share/v/bCmqasK6P13Su4LK/?mibextid=xfxF2i
	4 А сынып 18 оқушы		https://www.facebook.com/share/v/Cjrhg3uYKfPw8mwG/?mibextid=xfxF2i
	5 Б сыныбы 29 оқушы		https://www.facebook.com/share/v/p8BVpscNFubhnNZu/?mibextid=xfxF2i
	3 А сынып	Балалар кітапханасы мен	https://www.facebook.com/share/v/WLYadDvJtsmb2xck/?mibextid=xfxF2i
	7 А сынып оқушылары		https://www.facebook.com/share/v/JTek44yLNjaP99ZB/?mibextid=xfxF2i
	2 Б сынып оқушылары 18 оқушы		https://www.facebook.com/share/v/fsfWD1SLB8vA633j/?mibextid=xfxF2i
	6 А сынып оқушылары		https://www.facebook.com/share/v/qF4ZnkCm7vaNmqXL/?mibextid=xfxF2i

	2 А сынып оқушысы Тынысбек Ә		https://www.facebook.com/share/v/LYPQt8yA9d6JqBhc/?mibextid=xfxF2i
	4 В сынып оқушылары		https://www.facebook.com/share/v/Fjupu4Ay4cV3ekkE/?mibextid=xfxF2i
	3 Б сынып оқушылары 26 оқушы		https://www.facebook.com/share/v/zDkYniUycSXrg3BM/?mibextid=xfxF2i

О.Шораяқұлы атындағы N30 орта мектебінде мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 8-12 сәуір аралығында отбасылық демалыс ретінде кітап оқуды насихаттау мақсатында "Менің үйдегі кітапханам" тақырыбында оқушылар арасында видеочеллендж өткізілді.

Мақсаты: Оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, кітап оқи отырып ой-өрісін кеңейтуге, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, кең көлемде ойлауға көмектеседі. Үйдегі кітап оқуды отбасылық дәстүрге айналдыру.

Кітап-өмірдегі ең үздік ұстаздардың бірі. Ол адам дамуының барлық кезеңдерінде бірге жүреді

<https://www.facebook.com/share/v/MNurTrWxBYYJ6ftW/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/4i4MsD1yvMAAYzP4/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/a2vPDf2xVPfiyqEh/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/yaX4xFFRGjR5EMvE/?mibextid=xfxF2i>

Іс-шара тақырыбы	Іс-шараларға қатысқан мұғалім саны	Әлеуметтік желілерде жарияланғанын растайтын сілтемелер
«Мен оқыдым және сізге кеңес беремін»	7	
Мақсаты: Кітапқа деген қызығушылықты дамыту, әр адамның өміріндегі кітаптың маңыздылығын жеткізу.	Тарих пәнінің мұғалімі Турганова М	https://www.facebook.com/share/v/PqiYJneDS6ceMWCd/?mibextid=xfxF2i
	Орыс тілі пәнінің мұғалімі Құрманалиева Г	https://www.facebook.com/share/v/GttfRurUDsCrv6Qo/?mibextid=xfxF2i

	Физика пәнінің мұғалімі Садирова Индира	https://www.facebook.com/share/v/oQWJcMMEsEJGUDXg/?mibextid=xfxF2i
	9 А сынып оқушысы Мейрамқызы Аршат	https://www.facebook.com/share/v/NVwcPUpre1HAWkZi/?mibextid=xfxF2i
	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Маханбетова Г	https://www.facebook.com/share/v/EKutDQmcWEuViBw/?mibextid=xfxF2i
	Биология пәнінің мұғалімі, Мектеп тәлімгері Мұратбекова П	https://www.facebook.com/share/v/KPASviu3ss6KvCKD/?mibextid=xfxF2i
	География пәнінің мұғалімі Төлеуова Г	https://www.facebook.com/share/v/hm8dVzV5qr2Gg8Ew/?mibextid=xfxF2i


ектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіліп келеді. «Ата заңым айбыным!», «Ана тілі-асыл мұра» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Көрме кітаптармен, мерзімді басылымдармен толықтырылып отырады.

Қыркүйек айында бастауыш сыныптар арасында «Кітап және кітапхана» тақырыбында І сынып оқушылары арасында кітапханаға саяхаты болып оқушыларды жанадан келген кітаптармен және де кітапхана ережесімен таныстырдық.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы М.Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Алаштың сөнбес жұлдызы Мағжан» атты іс-шара өтті.

Мақсаты – оқушыларды Қазақ елінің мақтанышына айналған Алаш қозғалысының қайраткері, ақын жазушы Мағжанды құрметтеуге, шығармаларын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар Мағжан туралы жазылған Ұлылардың ұлағатты сөздерімен, ақынның «Сағындым», «Түркістан», «Мен жастарға сенемін» атты жыр шумақтарымен бөлісіп, «Япыр-ай» әнінің шығу тарихынан көрініс қойды.



АУҒАННЫҢ ОТТЫ ЖЫЛДАРЫ

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде «Ауғанның отты жылдары» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесуге аудандық «Ауғанстан соғысы ардагерлер кеңесі» төрағасы Ерманов Асқар Байдуллаұлы және Ауған соғысының ардагерлері Жалмағамбетов Әбутәліп Нәбиұлы қатысты.

Дөңгелек үстел барысында кітапханашы М.Берманова 8-9 сынып оқушыларына арнайы дайындалған бейнеролик көрсетіп, Ауған соғысы жайлы мағлұматтар берді.

Дөңгелек үстелде сөз алған Ауған соғысы ардагерлері отты жылдар тарихынан қысқаша мәліметтер беріп, оқушыларды Отанды қорғауға үлестерін қосуға, әскери борышты өтеуден қашпауға шақырды.



№30 орта орта мектеп кітапханасында 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай кітап көрмесі жасалды.

Мақсаты: оқушыларға саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің маңызын түсіндіріп, тарихтан тағлым алуға, өткенге тағзым етуге тәрбиелеу.



Ілияс Есенберлин_110жыл

Ілияс Есенберлин қазақ халық тарихының төрінен орын алған дара тұлға. Қаламгердің алғашқы күрделі тақырыпқа – Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі жайлы қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, қазақ тарихының кеменгер көсемдерінің қайталанбас бейнелерін сомдауы жағынан басқа туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде бұл туынды көптеген халықтардың тіліне аударылып, жазушының еңбегін жоғары деңгейге көтергені хақ десек артық айтқандық емес.

Жазушы оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Айқас», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алтын аттар оянады»,

«Манғыстау майданы», т.б. тамаша романдарымен қатар, өмірінің соңғы кезеңінде «Алтын орда» атты тарихи бір трилогия жазып, сонына мол әдеби шығармашылық мұра қалдырды.

<https://www.facebook.com/share/p/17VUcERWBF/>

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН 130 жаста

“Балалар кітапханасы” бағдарламасы бойынша “Кітап оқы, ойға тоқы” жылдық жоспарына сәйкес Б.Майлиннің 130жылдығына орай, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға атсалысу, ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу мақсатында “Бейімбет Майлин әңгімелері- қазақ өмірінің айнасы”, “Бейімбет шығармаларындағы өмір шындығы” тақырыптарында эссе жазды.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 2023 жылдың 23 қаңтар мен 3 ақпан аралығында «Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбында он күндіктің жоспарына сәйкес «Ұлт болашағы жолында біріккен Алаш тұлғалары» атты тақырыпта кітап көрмесі жасақталып, библиографиялық шолу ұйымдастырылды. Кітапханашы М.Берманова кітап көрмесіндегі алаш көшбасшылары Ә.Бөкейханов, Ш Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М. Жұмабаев еңбектерін, жалпы Алаш тарихының барлық кезеңдерінен мағлұмат беретін кітаптарды оқырмандар назарына ұсынды, Кітапханашы оқырмандар арасында жүргізген сұхбаты барысында қазақ азаттық қозғалысы тарихынан сыр шертетін, Алаш арыстарының атқарған қызметі мен саяси тағдырлары баяндалған.

<https://www.facebook.com/100033371782360/posts/pfbid02ENGMDJPdVGdS8t5YW35Ktt83opkWaGwk68N7YFd59vB7gPgmJufqtEwVcHJUjQV8l/?mibextid=Nif5oz>

Әр айдың ортасында оқулықтың ұсталуына тексеру рейді жүргізіліп тұрады.

Кітапханада даталы, атаулы күндерге және ақын жазушылардың туған күндерге байланысты кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Кітап-білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтуда тағылымы мол.

Сонымен қатар мектеп кітапханашылары оқырмандармен бірлесе отырып, көптеген көпшілік іс-шаралар өткіземіз. Ондағы мақсатымыз оқушыларды жан-жақты білім алуға, шығармашылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Кітап әлемі арман биігіне самғатады, ақыл-ой сұлулық әлемін шарлатады,

кітапханасының ролі» тақырыбында көктемгі демалыста оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында «Көктемгі демалыста кітап оқимыз» атты акция ұйымдасқан түрде оқушылар қатысты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=908689890253395&id=100033371782360&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f

Сәуір айында "Кітап -біздің досымыз" атты ертеңгілік болып өтті. Ертеңгілік 3 сыныптар арасында өткізілді.Шараның мақсаты кітап біздің байлығымыз,жан азығымыз,қазынаның асылы екенін түсіндіре отырып,оны бағалауға үйрету.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=915256532930064&id=100033371782360&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f


КІТАПХАНАҒА САЯХАТ

О.Шораяқұлы атындағы мектеп кітапханасына , ЖШС

"Сардарбек"балабақшасының "Балдырған" тобының бүлдіршіндері және тәрбишілері Бәйділлаева Айман.Жоламанова Айгерім апайларымен бірге кітапханаға саяхатқа келді.Кітап әлемінің табалдырығын аттаған балалар кітапхана өмірімен танысты.Оларға ең қызықты ертегілер,көркем суретті балалар кітаптары ұсынылды.Кітапханаға келіп,айналасына таңырқай қараған балалар үшін бәрі қызық болып көрінгендей.Егеменді еліміздің бақытты балалары болашағынан үлкен үміт күттіретіні сөзсіз!

Бүлдіршіндер тәрбиешілерімен арнайы балалар бұрышын қызықтап,естелікке суретке түсті.

Осы орайда, кітап қадірін білетін,жақсы балалар көбейе берсе екен дегім келеді.Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтсақ, "Кітап әр адамның өмірлік досы" сондықтан балалар кітаптарды көп оқып,кітаптармен дос болады деп сенемін!




<https://www.facebook.com/share/p/1JHSSX5PyU/>

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектеп кітапханасына «Тіл ашар» мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1-сынып оқушылары саяхат жасады.

Мақсаты: Кітапхана бөлімдерімен таныстыру, кітапқа, оқуға деген қызығушылықты ояту, кітапты сүйеге баулу, кітапты күтіп ұстау ережелерін білу.

Мектеп кітапханашысы М.Берманова 1-сынып оқушыларын мектеп кітапханасымен таныстырып, кітапханада өздеріне керекті ертегі кітаптарын, басқа да қызықты оқулықтарын алуға болатындығы жөнінде айтып, кітапхана ережесімен де таныстырды.



<https://www.facebook.com/share/p/19ajFZ8eX1/>

23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күні. Осыған орай қалалық кітапханамен біргіп "Кітап арқылы ашылған сырлы әлем" атты әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Оқырмандарға кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы, кітап оқуға тарту. 7-8 сыныптар арасында өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=927181278404256&id=100033371782360&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f

Мамыр айында «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің рөлі» тақырыбында отбасылық сайыс өткізілді.

Мектеп директоры  Б. Дүйсенбаев

Мектеп кітапханашысы  М. Берманова

